

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен алдағы қос мереке - Конституция және Білім күні қарсаңында «Арай» мөлтек ауданындағы 1500 орындық «Келешек мектебінің» ресми ашылуы өтті. Жиынға Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мұрат Ергешбаев, еліміздің барлық өңірінен келген қонақтар және зиялы қауым өкілдері арнайы қатысты.

Аймақ басшысы жиналған қауымды, жаңа дәуір мектебінің ұстаздары мен шәкірттерін құттықтады.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Баланың бәрі бірдей. Ауыл баласы мен қала баласының білім алу мүмкіндігі де бірдей болуы керек. «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты да — осы», деген болатын. Бүгін Мырзабек Дүйсенов атындағы №15 мектеп-лицейінің заманауи әрі еңселі "Келешек мектебін" ашамыз. Жаңа оқу жылынан бастап бұл мектеп-лицейде мектепалды даярлық сыныптары ашылып, жаратылыстану-

математикалық бағыттағы пәндер тереңдетіліп оқытылады. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған білім ордасы оқу мен ізденіс арқылы әр баланың болашағын айқындап, елдің дамуына жол ашады. Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірінде байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар жүзеге асуда. Облысымыздың бюджеті 823 млрд. 400 млн. теңгені құрап, 2022 жылдан бері 226 пайызға өсті. Бұл қаражат өңірдің ең өзекті мәселелерін шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды

іске асыруға бағытталуда. Тұрақты қолдаудың арқасында өңіріміздің білім саласы толағай табысқа жетіп келеді. Сәулеті мен келбеті келіскен жаңа мектептер бой көтерді. Соңғы үш жылда салаға 812 млрд. 245 млн. теңге, биыл 346 млрд. 800 млн. теңге қаралды. Қаржыландырудың барлық көзінен өткен жылы 31 млрд. 800 млн. теңгеге 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды. Мемлекет басшымыздың бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд. 400 млн. теңгеге 6 900 орындық 10 мектептің құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілуде. Бүгінде 3 300 орындық 7 мектеп ел игілігіне табысталды. Қалған 3 мектептің екеуін салтанатты түрде ашу үшін бас қостық. Тағы бір мектеп Ұстаздар күнінде пайдалануға беріледі. Жаңа мектептердің ашылуы — бұл жай ғана ғимараттардың салынуы емес, жаңа дәуірде білім алатын озат

оқушыларға жаңа мүмкіндіктер сыйлау. 2024-2025 жылдары Қызылорда қаласында 1 500 орындық 2 «Келешек мектебін» пайдалануға бердік. Бүгін, міне, «Арай» мөлтек ауданында құны 8 млрд. теңге болатын 1 500 орындық мектепті табыстаудамыз. Мұның барлығы жас ұрпақтың игілігі үшін жасалуда», - деді Н.Нәлібаев.

Рәсімде білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосқан ұстаздар мен құрылысты сапалы әрі мерзімінде салған мердігер мекеме қызметкерлеріне Қызылорда облысының Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды. Ғани Бейсембаев, Мұрат Әбенев өңірдегі ауқымды жұмыстарға оң бағасын беріп, құттықтауын жеткізді.

Еске салайық, 2023 жылдан бері облыстық бюджет есебінен 5 млрд. 700 млн. теңгеге 9 мектепке 2 900 орындық қосымша ғимарат салынып, үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты. «Білімді қолдау қоры» арқылы 8 млрд. 400 млн. теңгеге дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты ел игілігіне табысталды. Білім ордасында оқуға еліміздің 17 аймағынан 1 445 оқушы өтініш білдіріп, білім байғесінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген 200 бала қабылданды. Аталған қор есебінен 2 млрд. 333 млн. теңгеге Арал ауданы Мергенсай елді мекенінен 150 орындық заманауи мектептің құрылысы жүруде. Нысан қараша айында пайдалануға беріледі.

Президент тапсырмасына сәйкес алдағы үш жылда өңірдегі 51 мектеп күрделі жөндеуден өтеді. Биыл облыстық бюджеттен 2 млрд. 400 млн. теңге бөлініп, 9 мектеп қайта жаңғыртылды.

ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫЛАРДЫҢ 30251 ЖАҢАДАН РӘСІМДЕЛДІ

2025 жылы Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті халықты зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыруда, медициналық – әлеуметтік сараптама жүргізуде, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау және арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнаманың сақталуын бақылауда бірқатар жұмыстардың басында жүрді.



Тағайындалған зейнетақы мен жәрдемақылардың 30 251 жаңадан рәсімделді. Сондай-ақ, 25 388 іс-макеті нымен қатар, «Мүгедектігі бар адамдардың орталықтан-дырылған деректер банкі» автоматтандырылған ақпараттық жүйеде облыс аумағында 34 768 мүгедектігі бар адамдар тіркелген. Департаменттің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдерімен соңғы 6 айда 6 536 қызмет алушыларға мүгедектік тағайындауға қатысты мемлекеттік қызмет көрсетілген. Аталған кезеңде 1 321 қызмет алушыға алғаш рет мүгедектік тобы тағайындалған. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Бекболат Шәріпбеков мәлімдеді.

- Облыс аумағында 1 қантардан бастап 269,5 мыңнан астам зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың төлем мөлшері қайта есептелінді. Есепті мерзімде Республикалық бюджеттен төленетін зейнетақы және әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға қатысты 16 мемлекеттік қызмет түрі

бойынша 55 639 қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсетілді. Сондай-ақ, 25 388 іс-макеті қайта қаралды. Өткен жылдың 6 айында бұл көрсеткіш 25 203 болған еді. Яғни қайта қаралған макеттер саны 0,7 пайызға көбейген. 1 616 іс-макеттері бойынша зейнетақы және жәрдемақы тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданды. Тағайындаудан бас тартуға 1 493 іс бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы инфляция деңгейі ескерілген міндетті зейнетақы жарналарының сомасынан артық болуы себеп болған. Қалғандарына 123 іс құжаттарының толық болмауынан бас тартылған. Кері қайтарылған макеттердің басым бөлігі зейнетақы төлемдері мен көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақылар. Есепті мерзімде 10 мың адамға шаққандағы алғашқы мүгедектіктің қарқынды көрсеткіші 15,6 пайызды құраған. 18 жасқа дейінгі балалар арасында мүгедектікке 455 бала шыққан, былтырғы 6 айда бұл көрсеткіш 509 болған, яғни есепті кезеңде 54 балаға немесе 11,8 пайызға азайған, - деді Бекболат Жүнісәліұлы.

ПАРТИЯ ХАТШЫСЫ АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАРМЕН ТАНЫСТЫ

Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен келген «АМАНАТ» партиясының хатшысы Шолпан Каримова аймақтағы қоғамдық ұйымдармен, белсенді азаматтармен бірқатар маңызды кездесулер өткізіп, партиялық жобалардың жүзеге асу барысымен танысты.

Сапар аясында Хатшы жаңадан ашылған Руханият орталығына арнайы барып, нысанның заманауи мүмкіндіктері мен бағыттарымен танысты. Ол бұл орталықтың жастар мен зиялы қауымның бас қосатын рухани ордасына айналуы тиіс екенін атап өтіп, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде, мәдени-ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыруда маңызды рөл атқаратынын айтты.

Сондай-ақ, Қазақстан халқы Ассамблеясы, аудандық әйелдер кеңесі мүшелерімен кездесіп, қоғамдық келісімді сақтау, отбасы институтын нығайту бағытындағы ұсыныстарды тыңдады. Жастар ресурстық орталығының жұмысымен танысып, аудан жастарының өз жобалары мен бастамалары жайлы ашық пікір алмасты.

Сапар барысында партия Хатшысы Шолпан Каримова аудандық мұражайға да арнайы барып, Жалағаш өңірінің тарихымен, мәдени мұрасымен танысты. Мұражайда сақталған тарихи жәдігерлер мен құнды деректерге назар аударып, өлкенің бай шежіресін таныстыруда атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді.

Шолпан Каримова ауданның өткені мен бүгінгі байланыстыратын осындай мәдени орындардың жас ұрпаққа тәрбие берудегі маңызы зор екенін атап өтті. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта партиялық жобалармен тығыз байланысты жалғасатынын жеткізді.

Бұл сапар Жалағаш ауданындағы рухани, әлеуметтік және қоғамдық өмірдің белсенділігіне оң серпін берді.



КОМИССИЯНЫҢ КҮН ТӘРТІБІНДЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ



Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетовтің төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық комиссияның кезекті отырысы өтті.


Комиссияның күн тәртібінде аудандағы жалпы білім беретін мектептердің жаңа оқу жылына дайындық барысы мен өмірдің қиын жағдайында қалған балалар мен олардың отбасыларына қолдау көрсету орталығының жұмысы және қиын жағдайда жүрген балалардың мәселесі қаралды.

-Бүгінгі мәселелер ертенгі біздің болашағымыз, басты құндылығымызда осы балалар. Алайда бүгінгі қоғамда барлық отбасыларда балалар үшін бірдей қолайлы жағдай жасалып жатқан жоқ, кейбір отбасыларда түрлі қиындықтар, тұрмыстық мәселелер, ата-ананың жұмыссыздығы, денсаулық жағдайы немесе отбасылық келеңсіздіктер салдарынан кейбір балалар қиын жағдайға тап болып жатады. Осы жағдайларға байланысты білім беру ұйымдары, сынып жетекшілері, мектеп психологтары ата-аналармен және тиісті құзырлы органдармен бірлесіп отырып, өмірдің қиын жағдайына тап болған балаларды анықтап, оларға жан-жақты көмек пен қолдау көрсету керек. Сонымен қатар мұндай отбасындағы балалардың дұрыс білім алуына мүмкіндіктерді жасауға бірлесіп жұмыстар атқаруымыз қажет, - деді Дәурен Онғарбайұлы.

Жиында күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша комиссия мүшелері өздерінің ұсыныстарын жеткізіп, комиссия төрағасы жауаптыларға комиссияның күн тәртібінде қаралған балалардың жағдайын үнемі бақылауда ұстауды тапсырды. Сондай-ақ балалардың келеңсіз жағдайларға тап болуының алдын алу үшін жаңа оқу жылынан бастап «Ата-ана, мектеп, оқушы» үштік одағының жұмысын күшейтіп, жандандыруды керектігін жеткізді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРУШІЛЕРІ
ҮШІН ОНЛАЙН-САНАҚ КЕЗЕҢІ
20 ҚЫРКҮЙЕККЕ ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛДЫ

ОНЛАЙН-ЭТАП СЕЛЬХОЗПЕРЕПИСИ
ДЛЯ СЕЛЬХОЗПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ
ПРОДЛЕН ДО 20 СЕНТЯБРЯ



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КӘСІПОРЫНДАРЫ ҮШІН ОНЛАЙН-САНАҚ КЕЗЕҢІ 20 ҚЫРКҮЙЕККЕ ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛДЫ

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін онлайн-санақ кезеңі 20 қыркүйекке дейін ұзартылды. Барлық заңды тұлғалар, шаруа және фермер қожалықтары, сондай-ақ ауыл шаруашылығымен айналысатын жеке кәсіпкерлер санақтан sanaq.gov.kz сайтында өте алады.

Қызылорда облысының статистика департаментінің тіркеліміне сәйкес, санақ 11 мыңға жуық кәсіпорындар мен шаруа, фермер қожалықтарын және жеке кәсіпкерлерді қамтуы тиіс. Тамыз айында онлайн-санаққа 10 мыңнан аса респондент қатысып, 92% құрап отыр. «Онлайн-санақ кезеңі жақсы нәтиже көрсетті. Жедел деректер бойынша сайт арқылы сауалнамаға ауыл шаруашылығы құрылымдарының 92,2%-ы қатысты. Айта кету керек, жалпы тізімге ұзақ уақыт бойы белсенділігі жоқ, бірақ тіркеуде тұрған кәсіпорындар мен қожалықтар да енгізілген. Сондай-ақ байланыс деректері өзекті емес субъектілер бар. Бұдан бөлек, кейбір респонденттер жұмыс бастылығына байланысты санақтан уақытында өте алмаған. Қосымша берілген 20 күн олардың осындай маңызды мемлекеттік науқаннан тыс қалмауына мүмкіндік береді.

Еске сала кетейік, онлайн-санақ кезеңі 1 тамызда басталып, 31 тамызда аяқталуы тиіс болған. Интервьюерлердің үй шаруашылықтарын аралайтын екінші кезең 20 қыркүйектен 20 қазанға дейін болады.

Ауыл шаруашылығы санағына қатысты барлық сұрақ бойынша 1446 байланыс орталығына сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін қоңырау шалуға немесе санақ сайтында орналасқан Sanaq пугза чат-ботына жазуға болады.

Біз азаматтарды санаққа саналы түрде қатысуға шақырамыз, өйткені ұлттық ауыл шаруашылығы санағы – Қазақстанның аграрлық секторын және азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты дамытуға арналған стратегиялық маңызы бар шара болып табылады. Алынған деректер тиімді мемлекеттік саясат пен барлық деңгейдегі ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдауға негіз болады. Барлық қатысушы тарапты өздерінің азаматтық ұстанымын танытып, санаққа белсенді түрде қатысуға шақырамыз.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ - ЕЛ БАЙЛЫҒЫ!
САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!

ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР БӨЛІМШЕСІ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай Шиелі ауданында 30 төсектік жұқпалы аурулар бөлімшесі ғимаратының ашылу рәсімі өтті.

Аймақ басшысы жаңа нысанның аудан жұртшылығына сапалы медициналық көмек көрсетудегі жетекші бөлімшеге айналуына тілектестігін білдірді.

«Соңғы үш жылда облыстың денсаулық сақтау саласына 441 млрд. 700 млн. теңге қаржы бөлініп, халықтың сұранысына сәйкес түйткілді мәселелер шешімін тауып келеді. Президентіміздің бастамасымен қолға алынған «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында барлық ауданда 28 медициналық нысан салынды. Оның 8-і Шиелі ауданында. Саланы дамытуға бюджеттен тыс ресурстар да тартылған. Біз «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тұрақты әріптестік байланыстамыз. Қор соңғы екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 5 млрд. теңгеге жуық қаржы бағыттады. Бұл қаржыға сирек кездесетін дертке шалдыққан жерлестерімізге қажетті дәрі-дәрмек сатып алынды. Облыстық онкология орталығына құны 1 млрд. 100 млн. теңге тұратын, республика бойынша 3 облыста ғана бар скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешен табыстады. Кешен бүгінде шалғай елді мекендердегі тұрғындарға үздіксіз қызмет етеді.

Пайдаланылмай бос тұрған ғимараттарды қайта жаңғыртып, денсаулық сақтау саласының қажеттілігіне тиімді пайдалануға бағытталған жұмыс қарқынды жүргізілуде. Былтыр Жаңақорған ауданында бос тұрған бұрынғы аудандық аурухана ғимараты қайта жаңғыртылып, «Қамқорлық» балаларды оңалту

орталығы ашылды. Бұған жергілікті бюджеттен 378 млн. теңге жұмсалды. Күні кеше дәл осындай орталық Арал ауданында да жұмысын бастады. Бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 338 млн. 800 мың теңге бөлініп, ғимарат қайта жаңғыртылды. Қор қажетті заманауи құрал-жабдықтарға 350 млн. теңге бөліді. Орталықта жылына 600-ге жуық баланы оңалтуға мүмкіндік бар.

Осындай игі істің жалғасы ретінде құны 2 млрд. 323 млн. теңге болатын 30 төсектік жұқпалы аурулар бөлімшесінің жаңа ғимаратын салтанатты түрде ашуға бас қостық. Қазір аудандық аурухана жанынан 733 млн. теңгеге қосымша ғимарат салынып, онда 650 млн. теңгенің жаңа МРТ аппараты орнатылуда. Шиелі кентіндегі «Болашақ» дәрігерлік амбулаториясы күрделі жөндеуден өтті. Заманауи талаптарға сай жабдықталған, бұл нысандар тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсетуге, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға зор мүмкіндік береді. Алдағы уақытта халық денсаулығын жақсартуға бағытталған жобаларды қолдау, медицина саласындағы ең маңызды мәселелерді шешу жалғасын таба бермек», - деді Н.Нәлібаев.

Жұмыс сапары кезінде аймақ басшысы аудандық аурухананың қосымша ғимаратына, күрделі жөндеуден өткен «Болашақ» дәрігерлік амбулаториясына барды. Аудандық аурухананың 2 қабатты ғимаратының құрылысы өткен жылдың қыркүйек айында басталып, биыл шілдеде пайдалануға берілді. Еске

салайық, облыс орталығында емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Жыл басында Жаңақорған ауданы Төменарық ауылында дәрігерлік амбулаториясымен қоса 15 төсектік ауылдық аурухана, Арал ауданы Сексеуіл кентінде 40 төсек-орынға арналған аурухана пайдалануға берілді. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен Қызылорда қаласының Баймұрат батыр елді мекенінде дәрігерлік амбулатория, Досан елді мекенінде медициналық бекет ел игілігіне табысталды. Осылайша ауылдардағы медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету ұйымдары ғимараттарын нормативке сәйкес етіп салу мәселесі толығымен шешілді. Қайтарылған активтер есебінен 7 млрд. теңгеге 4 аудандағы орталық ауруханалар жанынан жаңа ғимараттар салынуда. Ана мен бала өмірін қорғау мақсатында көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық бөлім ашылды. Өткен жылдан бері 17 медициналық нысан күрделі жөндеуден өткізіліп, 44 ғимараттың жылу жүйесі газға ауыстырылды. Биыл да медициналық құрал-жабдықтар сатып алынууда. Бұл жұмыстың жыл сайын жүргізілгенінің арқасында жабдықталу деңгейі 2022 жылы 83,2 пайыз болса, бүгінде бұл көрсеткіш 87,4 пайызға артты.

Жергілікті бюджеттен 225 жаңа санитарлық автокөлік бір мезетте алынып, елді мекендердегі барлық денсаулық сақтау ұйымына табысталды. Осылайша санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі толық шешімін тапты.



САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған салтанатты шара өтті.

Аймақ басшысы Конституцияның 30 жылдығымен құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ауқымды өзгерістерге тоқталды. «Конституция – тәуелсіздігіміздің ең басты тірегі, мемлекеттігіміздің кепілі. Ата Занды ардақтау – келешекке керуен тартқан мемлекетіміздегі әрбір азаматтың асыл парызы. Біз осы реформалар арқылы саяси жаңғыруға, «Заң мен тәртіп» қағидатына негізделген Әділетті Қазақстанды құруға қадам басып келеміз. «Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірі Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен қарқынды даму жолына түсті.

Биыл облысымыздың бюджеті 823 млрд. 400 млн. теңгені құрап, 2022 жылдан бері 226 пайызға өсті. Бұл қаражат аймағымыздағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталды. Халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған

маңызды ірі инфрақұрылымдық, инвестициялық жобалар қарқын алды. Соңғы 3 жылда өңір экономикасына 1 триллион 600 млрд. теңгеге жуық инвестиция тартылды. Экономиканы әртараптандыру мақсатында өткен үш жылда құны 98 млрд. 500 млн. теңгені құрайтын 45 жоба іске асырылып, 1 400 тұрақты жаңа жұмыс орны құрылды.

Биыл 631 млрд. 400 млн. теңгеден астам инвестиция тартуға бағытталған жұмыстар жүргізілуде, 7 айда 351 млрд. 800 млн. теңге инвестиция тартылды. Жоспардың орындалуы бойынша Қызылорда облысы республикада бірінші орында. 2025-2028 жылдары аймақта құны 2 трлн. теңгеге жуық 89 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл 302 млрд. 500 млн. теңгеге 27 жоба іске қосылады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен Әділетті, Озық, Таза, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанның іргесі қалануда. Егемендігіміз баянды,

Тәуелсіздігіміз мәңгілік, Ата заңымыз тұғырлы болғай!», - деді Н. Нәлібаев.

Салтанатты жиында Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы қарсаңында еңбекте жоғары нәтижеге қол жеткізген жерлестеріміз марапат төрінен көрінді. Еңбек ардагері Кеңесбек Махамбетовке «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағы беріліп, бірқатар азаматқа мерекелік медаль табысталды. Сонымен қатар, әртүрлі сала мамандары Қызылорда облысының Құрмет грамотасы және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Айта кетейік, аймақтың сәулеттік келбетін айшықтап, жұртшылықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін қаржыландырудың барлық көзінен 2 млн. 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына, баспанасы апатты деп танылған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер (5148) сатып алынып, 25 мыңға жуық тұрғын қоныс тойын тойлады. Барлық аудан орталықтарында жаңадан салынған 1500-ға жуық пәтер табысталды.

«Ел тілегі» ақпарат

ПРЕЗИДЕНТ САЯБАҒЫНДАҒЫ НЫСАНДАР ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҰРУДЕ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құқық қорғау органдары, жауапты сала мен ірі құрылыс мекемелері басшылары және зиялы қауым өкілдерімен бірге Президент саябағындағы нысандардың құрылыс жұмыстарымен танысты. Саябақтағы жұмыс қарқыны, іске асырылатын жобалардың ауқымы бұл аумақтың қаланың ең көрікті орындарының біріне айналатынын аңғартады.

Алдымен аймақ басшысы бастаған топ инвестор қаражатына бой көтерген «Rixos» қонақ үйінің құрылыс алаңына барды. Мамыр айында басталған жұмысты «Altyn Gimnast» ЖШС жүргізуде. Бес жұлдызды қонақ үйде 150 нөмір, мейрамхана, саябақ алаңы, автотұрақ болады.

Қасында тоғыз қабатты 15 тұрғын үй салынуда. Бас мердігер «Мелиоратор» ЖШС. Әр үйде 63 пәтерден, жалпы 945 пәтер болады.

Президент саябағы да қайта жаңғыртудан өтуде. Мұнда бас мердігер «Bi Global» ЖШС жоба бойынша 3 аллея, 6 субұрқақ, 5 амфитеатр, 7 балалар

ойын алаңы, 4 спорт алаңы, 4 workout аймағы, 7 демалыс аймағы, 4 фудкорк, теннис үстелдері, айналымы дөңгелек аттракцион, тамақтану ғимараттары, би алаңы, стритбол, вело, жүгіру жолақтары, сахна, саябақ ішіндегі сарқырама каналдары, канал үстінен көпірлер, шахмат, баскетбол, футбол алаңдары, арқан саябағы, модульдік- санитарлық ғимарат орналастырады.

Сонымен қатар, саябақта жылдың төрт мезгілінде үздіксіз жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен Ботаникалық білім беру орталығы, яғни қысқы бақ салынуда. «Alem Qurylys AQ» ЖШС лагерде

спорт блогын, іс-шараларға арналған event-аймақ, 4 тұрғын аумақ, қонақ үй үлгісіндегі шағын ғимарат, 5 дәстүрлі үлгідегі киіз үй, ашық бассейн, стадион, футбол алаңын, сахна және басқа да демалыс орындарын салады.

Президент саябағы мен "Астана" шағын ауданын байланыстыру үшін Сырдария өзені үстінен жаяу жүргіншілер көпірі түседі.

Аймақ басшысы құрылыс жұмыстарын сапалы жүргізіп, белгіленген уақытта аяқтау керек екенін айтты.

Бүгінде Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата мемориалды аллеясын қайта жаңғырту жұмыстары да қарқынды жүруде. Жалпы аумағы 38 мың шаршы метрден асатын демалыс орнындағы жасыл желек алаңы ұлғайтылып, халық тынығатын саялы орынға айналып келеді. Балаларға арналған ойын және спорт алаңдарының заманауи жабдықтары қауіпсіз әрі қолайлы етіп жасалуда. Бүгінде құрылыс және абаттандыру жұмыстарының басым бөлігі аяқталған.

Қала тұрғындары қайта жаңғыртудан өткен мәдениет және демалыс паркінің жаңа келбетіне, келушілерге ұсынылған мүмкіндіктерге дән риза. Мұнда жаңа арқа орнатылып, «Сыр батырлары» ескерткіші Тағзым алаңына ауыстырылды. Қоршаулар мен жүргіншілер жолы жаңартылып, 544 түп ағаш пен қылқан жапырақты көшеттер отырғызылды. Бұдан бөлек, скейтпарк, воркаут алаңдары, балалар ойын аймақтары, фуд-корттар және ашық амфитеатр салынды.

«Ел тілегі» ақпарат

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ АШЫҚТЫҚ – ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТІҢ КІЛТІ

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық қоғам дамуына кедергі келтіретін ең қауіпті әлеуметтік құбылыстардың бірі болып отыр. Ол мемлекетке деген сенімді азайтып қана қоймай, әділдік пен төңдік қағидаттарын бұзады. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белсенділік танытып, адалдық пен әділеттілікті өз қызметінің басты ұстанымына айналдыруы қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – уақыт талабы. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы барлық мемлекеттік қызметшіден заң талаптарын қатаң орындауды міндеттейді. Сонымен қатар, Әдеп кодексі де әр қызметшінен адалдық, әділдік, қарапайымдылық пен парасаттылықты талап етеді. Бұл құндылықтарды ұстану – халық сенімін нығайтудың кепілі.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қызылорда облысы бойынша төтенше жағдайлар департаменті Өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасының (әрі қарай – Басқарма) мемлекеттік қызметшілері үшін ең үлкен абырой – адалдық пен әділеттілікті сақтап, елге адал қызмет ету. Басқарманың негізгі бағыты өнеркәсіптік қауіпсіздік қамсындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу болып табылады.

Өз кезегінде, Басқармада сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықты алдын алу мақсатында жыл сайын «Сыбайлас жемқорлықтың көріністерінің алдын-алуға бағытталған іс-шара жоспары»бекітіледі және Басқарма қызметкерлеріне жемқорлықтың алдын алу және әдеп нормаларын сақтау мәселелері бойынша жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа шектеулері мен «нөлдік төзімділікті» сақтауы, мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде,

сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру кезінде еңбек тәртібін сақтау бойыншасемінар-кешестер мен дөңгелек үстелдер, құқықтық оқытулар өткізіліп, бұқаралық ақпарат көздерінде, әлеуметтік желілерде мақалалар жүйелі түрде жарияланып отырады.

Атқарылып жатқан қызметтердің ашықтығын қалыптастыру мақсатында, Басқармада 70-05-81 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністеріне тап болған жағдайда (пара ұсынған не пара беруге итермелеген жағдайларда) немесе заңсыз сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының еріксіз куәгері болған кезде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне пошта арқылы, egov.kz электрондық үкімет порталының онлайн-сервисі арқылы және бірыңғай 1424 Call-орталығы арқылы хабарласу қажеттіліктері мемлекеттік инспекторларға түсіндіріліп, нұсқаулықтан өткізіледі.

Қызмет бабын жеке мүдде үшін пайдалануға жол бермеу – кәсіби этиканың басты талабы.Мемлекеттік қызметшінің басты міндеттерінің бірі – халыққа қызмет ету, олардың сенімін ақтау. Бұл үшін заңды қатаң сақтау, ашықтықты қамтамасыз ету және әр шешімде әділетті болу аса маңызды.

Оразғали МУТАЛАПОВ,
Қызылорда облысының ТЖД
ӨКБ Тау-кен өнеркәсібі және атом
энергиясын пайдалану объектілерін
мемлекеттік бақылау және қадағалау
бөлімінің бас маманы

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Қызылорда қаласы әкімдігінің қоғамдық даму бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған "Үздік бейнеролик" байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталды. Байқауға қала тұрғындары қатысты. Байқаудың мақсаты қала

тұрғындары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті арттыру арқылы жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Байқау Қызылорда қаласының аумағында ашық түрде өткізілді. Байқауға сыбайлас жемқорлықты қабылдамау

және адалдық принциптерін нығайтуға ықпал ететін мәдениеттерді белгілейтін алты бейнеролик қабылданып, комиссия шешімімен үш бейнеролик жүлделі орындарды иеленді. I орынды Іскендір Нұрислам Жандосұлы, II орын Тұрсынбай Нұрымжан Үсенбайұлы, III орын Төребай Тұрсынбай Төлеуұлы иеленді.

